

«Түймедақ» мектепалды тобының тәрбиеленушінін жарты 2025-2026 жылдың Анықтамасы.

Тәрбиеленуші: Талғатұлы Ахмет

Туған күні: 26.02.2020 ж.

Диагнозы: ЖТД 1-2 – деңгейі. Ақтөбе облыстық білім басқармасы ММ № 1 «ҚПМПК» КММ, № қорытынды.

Берілген уақыты: 29.11.2024 ж.

Балабақшаға 03.03.2025 жылы тәрбиеленуші болып қабылданды. Баланың таным процесін анықтау барысында Павлова Н.Н., Руденко Л.Г. Керн – Йирасек тесті әдістемесі бойынша жүргізілген

Өткізілген мерзімдері: қыркүйек айында 2025 ж.

Баланың психологиялық-педагогикалық тексеру нәтижелері бойынша:

Бала белсенді қарым-қатынасқа түсе бастады;

Жеке сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қолданады;

Қарапайым нұсқауларды түсінеді және орындайды;

Танымдық белсенділігі артқан.

Бала психологтың түзету-дамыту сабақтарына жүйелі түрде қатысады.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оң динамика байқалады.

Қазіргі таңда:

Танымдық процестері жас ерекшелігіне сәйкес қалыптасу үстінде. Зейіні тұрақтана бастаған, есте сақтау қабілеті қанағаттанарлық деңгейде. Ойлау әрекеттері қарапайым деңгейде орындалады.

Сөйлеу тілінде әлі де кемшіліктер сақталған: сөздік қоры шектеулі, байланыстырып сөйлеуі жеткіліксіз, толық әрі грамматикалық дұрыс сөйлем құрастыруда қиындықтар бар.

Қорытынды:

Түзету-дамыту жұмыстарының нәтижесінде сөйлеу және танымдық дамуында оң динамика байқалады. Бала сөйлей бастады, алайда байланыстырып сөйлеу дағдылары толық қалыптаспаған.

Түзету-дамыту жұмыстарын жалғастыру қажет.

Ұсыныс:

Балаға түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру ұсынылады. Сөйлеу тілін дамытуға басымдық беріп, сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру және грамматикалық дұрыс сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру бағытында логопедиялық жұмыстар жүргізу қажет.

Танымдық процестерін дамыту мақсатында зейіннің тұрақтылығын арттыруға, есте сақтауын және қарапайым ойлау әрекеттерін дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды жүйелі қолдану ұсынылады.

Ата-анасына үй жағдайында баланың сөйлеу белсенділігін ынталандырып, күнделікті әңгімелесу, сурет бойынша сөйлету, бірлескен ойын әрекеттерін ұйымдастыру және мамандардың ұсынымдарын тұрақты орындау ұсынылады.